

СЛАЙД

**ТАҚЫРЫБЫ: Internet және электронды
пошта**

ДАЙЫНДАҒАН: Әбілхан Әлішер

ҚАБЫЛДАҒАН:

ЛОКАЛЬДІ ЖӘНЕ ГЛОБАЛЬДІ ЖЕЛІЛЕР. INTERNET ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТА.

Екі немесе одан да көп компьютерлер физикалық біріктірілгенде компьютерлік желі пайда болады. Жалпы жағдайда компьютерлік желілер құру үшін арнайы (желілік) аппараттық жабдықтар және арнайы (желілік) программалық жабдықтар қажет.

Компьютерлік желілер құрғанда шешілетін негізгі мәселе – аппараттық жабдықтардың электрлік және механикалық көрсеткіштер бойынша және және аппараттық жабдықтардың программалар мен деректердің кодтау жүйесі мен деректер пішімі бойынша үйлесуін қамтамасыз ету. Бұл мәселені шешу стандарттау саласына жатады және **OSI (Model of Open System Interconnections** – ашық жүйелердің өзара байланыс жүйесі моделі) деп аталатын моделге негізделген.


OSI моделіне сәйкес компьютерлік желі құрылымын (архитектурасын) әртүрлі деңгейде (деңгейлердің жалпы саны – жетіге дейін) қарастыруымыз керек. Ең жоғарғы деңгей – қолданбалы, ең төменгі деңгей – физикалық.

TTTT

- Егер желіде барлық қатысушыларға ортақ пайдалану үшін бөлінген арнайы компьютер болса, ол файлдық сервер деп аталады. Бөлінген сервері жоқ, ол барлық локалдық компьютерлерді бөліктерімен “тең құқықты” қатынаса алса (әдетте бұл кішігірім желілер), ондай желілер бір рангілі компьютерлік желілер деп аталады.
- Сөзбе сөз аударсақ интернет – бұл желі арасы, яғни кіші мағынада интернет – желілердің біріктірілуі. Физикалық мағынада Интернетті бір-бірімен барлық мүмкін байланыс жолдарымен қосылған миллиондаған компьютерлер деп те қарастыруға болады, бірақ Интернетке деген мұндай “физикалық” көзқарас бір жақты.
- Интернет – ішінде үздіксіз деректер алмасып жатқан ақпараттық шексіз кеңістік. Ақпарат желі тораптарын сұрайтын компьютерлер арасында алмасады.

ИНТЕРНЕТ КӨРСЕТЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

- Интернеттегі жұмыс туралы немесе интернетті қолдану туралы сөз болғанда шындығында әңгіме жалпы интернет жайлы емес, тек оның көптеген қызметтерінің біреуі немесе бірнешеуі жайлы айтылады.
- Желі клиенттері нақты мақсаттары мен мүдделеріне байланысты өздеріне қажетті қызметтерді ғана пайдаланады.
- Әр түрлі қызметтерге әр түрлі хаттамалар тән. Оларды қолданбалы хаттамалар деп атайды. Олардың ережеге сай орындалуын арнайы программалар қадағалап, қамтамасыз етіп отырады. Интернеттің қайсыбір қызметті пайдалану үшін компьютерге осы қызмет хаттамасы бойынша жұмыс істей алатын программаны орнату керек. Олар клиенттік программалар немесе жай клиенттер деп аталады.
- Мысалы, Интернетте файл тасымалдау үшін арнайы қолданбалы хаттама **FTP (File Transfer Protocol)** қолданылады. Осыған сәйкес, интернеттен файл алу үшін:
 - Компьютерде **FTP** клиенті болып табылатын (**FTP- клиент**) программа болуы;
 - **FTP** қызметін көрсететін сервермен (**FTP – сервер**) байланыс орнатылуы
 - керек.



ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПОШТАНЫ ПАЙДАЛАНУ

- Қазіргі Интернеттің ең көп тараған қызметі – **World Wide Web (WWW)** қызметі.
- **World Wide Web – Web**-серверлерде сақталған, өзара байланысқан миллиондаған электрондық құжаттардан тұратын біртұтас ақпараттық кеңістік. Web кеңістігін құрайтын жеке құжаттарды Web-беттер деп атайды. Тақырыптың біріктірілген Web-беттер топтарын **Web-тараптар (Web-сайт)** деп атайды.
- **Web**-беттердің қарапайым мәтіндік құжаттардан айырмашылығы, олар нақты тасығышқа байланбай өрнектелген. Бейнелеу олардың клиенттің компьютерінде шақырғанда , шолушы программаның баптауларына сәйкес орындалады .
- **Web**- беттерді қарауға арналған программаларды броузерлер (толушылар) деп атайды . Броузер құжатты экранға құжаттың авторы оның мәтініне енгізген бұйрықтарды басшылыққа алып шығарады . Ол бұйрықтар тегтер деп аттайды. Тегтерді жазу ережелері гипермәтіндерді теру тілі – **HTML (Hyper Text Markup Language)** – нұсқауларында қарастырылған .



HTML тегтері көмегімен жүзеге асырылатын Web-беттердің ең маңызды бөлігі – гипермәтіндік сілтемелер . Мәтіннің кез-келген фрагментімен немесе, мысалы, суретпен, тегтер көмегімен басқа **Web**-құжатты байланыстыруға, яғни гиперсілтеме орнатуға болады. Жүз миллиондаған құжаттар арасындағы гипермәтіндік байланыс әрбір құжаттың өз жеке-дара адресі болуына негізделген . Кезкелген файлдың адресі дүниежүзілік масштабта ресурстардың біріңғайланған адресі – **URL**-арқылы анықталады.

URL- адресі үш бөліктен тұрады:

1. Аталған ресурсқа қол жеткізетін қызметті көрсету (әдетте осы қызметке сәйкес қолданбалы хаттаманың атымен белгілемелері. Мысалы **www** қызметі ұйым жасалған қолданбалы хаттама **HTTP (Hyper Text Transfer Protocol)**-гипермәтінді тасымалдау хаттамасы). Хаттаманың атынан кейін қоснүкте (:) мен екі «/» (қисық сызық) белгісі қойылады:

[http://...](#)

2. Аталған ресурс сақталған компьютердің (сервердің) домендік атын көрсету:

[http://www.abcde.com...](#)

3. Сол компьютердегі файлға қол жеткізетін толық жолды көрсету.

Ажыратқыш ретінде «/» (қисық сызық) символы қолданылады:

[http://www.abcde.com/Files/New/abcdefg.zip](#)



ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПОШТА (E-MAIL).

Интернетте бұл қызметті қамтамасыз етумен арнайы пошта серверлері айналысады. Сервер туралы айтылғанда, ол арнайы бөлінген компоненттері деп ұғуымыз керек. Сервер деп программалық жабдықтарды түсінуіміз мүмкін.

Интернеттің бір тораптық компьютер бірнеше сервердің жұмысын атқарып, Интернеттің әр түрлі қызметтерінің жұмысын қамтамасыз ете алады. Ол сонымен бірге есептеу техникасы құралдарына тән басқа да есептеулер жүргізетін әмбебап компьютер болып та қала береді.

Тарату тізімі (**Mail List**). Бұл белгілі бір тақырып бойынша ақпарат жинайтын және оларды жазылушыларға электрондық пошта хабарламалары түрінде тарататын арнайы тақырыптық серверлер.

IRC. IRC (INTERNET REALY CHAT)

Бұл қызмет бірнеше адамдардың нақты уақыт режимінде тікелей хабарласуына арналған. Қатынасушылар арасындағы қатынас бүкіл әлемге ашық телеконференциялар жүйесінен айырмашылығы, **IRC** жүйесінде араласу тек бір канал шеңберінде жүреді. (Оның жұмысында әдетте бірнеше адам қатысатындықтан).

ICQ

Бұл қызмет осы сәтте Интернетке қосылған желілік IP – адресі (әрбір дүниежүзілік желіге қатысушының жеке- дара адресін) іздеуге арналған. Мұндай қызметке қажеттілік тұтынушылардың көпшілігінің тұрақты IP – адрестерінің болмауынан туындайды. Бұл қызметті пайдалану үшін оның орталық серверінде (<http://www.ciq.com>) тіркеліп **UIN(UNIVERSAL INTERNET NUMBER)** дербес біркелкілеу номерін алу керек.

